

**Жамбыл облыстық кәсіподақ ұйымының сала қызметкерлері үшін
қосымша еңбек және әлеуметтік-экономикалық кепілдіктерді
қалыптастыру мәселелерінде әлеуметтік әріптестіктің
тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс тәжірибесі туралы**

Кәсіподақтың ерекше басымдық беретін жұмыс бағыттарының бірі – әлеуметтік әріптестік болып табылады.

Әлеуметтік әріптестік жөніндегі Келісімдер мен Ұжымдық шарттар жасау іскерлік қарым-қатынас жасаудың, еңбек ұжымында оңтайлы моральдық ахуал қалыптастырудың өте маңызды әрі қажет элементі.

2012 жылы Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысымен мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын білім беру ұйымдарының қаржылық басқару жүйесін орталықтандыруына байланысты барлық аудандарда және облыс орталығында аудандық (Тараз қалалық) білім бөлімдерінің құрамында орталықтандырылған есеп бөлімдері жасақталды. Осылайша, еңбек жағдайын жақсартуға ұжымдық шарттар арқылы қосымша қаржы бөлуге қол жеткізу мүмкіндігі жойылды.

Нәтижесінде, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы мен Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Жамбыл облыстық ұйымының арасында 2012-2014 ж.ж., 2015-2017 ж.ж., 2018-2020 ж.ж., 2021-2023 жылдарға әлеуметтік әріптестік туралы Келісім жасалған. Тараз қаласы мен аудандарда білім бөлімдері мен аудандық кәсіподақ комитеттерінің арасында бірыңғай ұжымдық шарт жасалды.

Сонымен қатар, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы мен оған тікелей қарасты мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар үшін ұжымдық шарт Жергілікті кәсіподақтың «Біріккен комитеті» филиалы арасында жасалды.

Келісім мен Ұжымдық шарттарға 2016, 2019, 2020 (2 рет), 2022 (2 рет) және 2023 жылдары білім саласындағы заңнамалар аясы кеңеюіне байланысты, 7 рет Қосымша шарттар жасалған.

Ұжымдық шарт жасасуда келіссөздер жүргізу мен қол қоюды мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшылары сенімхат негізінде білім саласының уәкілетті органының басшысына тапсырды.

Облыс аумағындағы Әлеуметтік әріптестік жөніндегі екі жақты комиссиясы тұрақты жұмыс жасайды. Соңғы бес жылда әлеуметтік әріптестік жөніндегі екі жақты комиссияның 26 отырысы өтіп, 40 астам мәселелер талқыланып қарастырылды.

Білім беру жүйесіндегі әлеуметтік әріптестік тараптарымен қабылданған жаңа нұсқа көп артықшылықтарға ие. Атап айтқанда:

✓ бір аймақтағы, бір саладағы еңбек ететін қызметкерлерге бірдей еңбек жағдайлары жасалған;

✓ ұжымдық шарттар жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі пәрменді келісім комиссияларын құруға мүмкіндік тудырып, жұмыс берушінің қандайда бір актілерін қабылдауда кәсіподақ органдарының келісімін немесе дәлелді пікірін алу тәртібін белгілейді.

✓ бюджеттік қаражаттың заңға қайшы, мақсатсыз шығындарын жоюға септік етеді;

✓ бірыңғай ұжымдық шарттар жұмыс берушілердің шынайы, яғни орындалуы қамтамасыз етілетін міндеттемелер алуын, еңбек жағдайлары мен еңбекақы төлеудегі олқылықтарды мейлінше жедел және тиімді түрде жоюды қамтамасыз етеді;

✓ білім беру ұйымдарының басшылары қосымша, бұл жағдайда маңызы жоқ жұмыстан босатылды, себебі ұжымдық шартта қазіргі уақытта заңмен, нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптардың барлығы ұжымдық шартта НҚА сілтемелер арқылы көрсетілген;

✓ қосымша, маңызы жоқ жұмыстардан білім беру ұйымдарының бастауыш кәсіподақ комитетінің төрағалары да босатылды, себебі, олар өздерінің зейінін еңбек ұжымындағы басқа мәселелерге жұмылдырады;

✓ ұжымдық шартта қолданыстағы еңбек заңдылығының нормаларына сілтемелер арқылы еңбек заңдылығының бұзылуын алдын-алу мүмкіндігі арта түсті;

✓ ұжымдық шарт талаптарының орындалуын бақылау тиімділігі артты;

✓ әр оқу жылында кемінде бір рет ұжымдық шарт тараптарының өзара міндеттемелерін орындау бойынша еңбек ұжымдарында есеп беру тәжірибесі қалыптасқан.

Әлеуметтік әріптестік Келісімін орындау бойынша жұмыс берушілер тарапынан жұмсалған қаражат мөлшері облыс бойынша 2022 қаржылық жылы – 999 123 429,2 теңгені құрады.

Кәсіподақтың алқалы басқару органы Атқару комитетінің шешімімен келісімдер мен ұжымдық шарттардың мазмұнына сараптау жүргізу жұмысы ұйымдастырылып, жолға қойылды.

Осы ретте, әлеуметтік әріптестікті одан әрі дамыту, кәсіподақ мүшелерінің, білім және ғылым мекемелері мен ұйымдары қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау ісінде:

➤ ұжымдық шарттардың рөлін арттыру;

➤ жұмыс берушілердің әлеуметтік-еңбек қатынастарын келісім арқылы реттеудегі белсенділігі мен қызығушылығын арттыру, ұжымдық шарттардың қолданылу аясын кеңейту;

➤ кәсіподақ ұйымдарының ұжымдық шарттар жасау, олардың орындалуын бақылау жөніндегі оң тәжірибесін тарату және т.б. игі мақсаттарға қол жеткізу үшін әлеуметтік әріптестік жөніндегі облыстық екі жақты салалық комиссия шешімімен Жамбыл облысының білім және ғылым ұйымдарында «Жылдың ең үздік ұжымдық шарты» байқауын өткізу үрдісі қалыптасқан.

«Ең үздік бастауыш ұйым», «Ең үздік кәсіподақ көшбасшысы» сынды кәсіби шеберлік байқауларының ережесінде міндетті жұмыс бағыттарының бірі – әлеуметтік әріптестік, яғни ұжымшарттық қызмет сарапқа салынып, зерделенеді.

Жоғарыда айтып кеткен Әлеуметтік әріптестік туралы Келісімнің талаптары ұжымдық шартта толығымен көрсетіледі.

• 2016 жылдан бастап оқытушылық жұмыспен айналысатын оқытушыларға, мұғалімдерге, өндірістік оқыту шеберлеріне және өзге қызметкерлерге әдістемелік, циклдық және пәндік комиссияларға жетекшілік еткені үшін базалық лауазымдық жалақының 25% мөлшерінде қосымша ақы

төлеуге қол жеткізіліп, бүгінгі таңда облыс аумағында кәсіподақ мүшелеріне төленуде.

•2020 жылы облыста білім саласында кітапхана мен медицина қызметкерлерінің табысын 35-50 %, іс жүргізуші, қаржыгер, зертханашы лауазымдарындағы жұмыскерлердің жалақысын 50% дейін арттыруға, ғимаратқа қызмет көрсетушілерге 30 күндік еңбек демалысы мен сауықтыру жәрдемақысын беруге қол жеткізілді.

•2020 жылдан бастап тәлімгерлік үшін қосымша ақы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығымен бекітілген тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларының 14-15 тармақтарында оларға қойылған талаптарда «педагог-зерттеуші» не «педагог-шебер» біліктілік санаты болуы қажет болса, әлеуметтік әріптестік Келісімнің талаптарына сай облыс аумағында жоғары біліктілік санаты бар педагогтерге тәлімгерлікті жүктеу мүмкіндігі беріліп, тиісті қосымша ақы қарастырылды.

•Әдістемелік жұмыстан тәрбиешілік лауазымға және керісінше тәрбиешіліктен әдістемелік жұмысқа ауысқан жағдайда да бар біліктілік санаты теңестіріліп, қолданылады.

•Оқытатын пәні бойынша тиісті санаты бар педагог жалпы білім беретін ұйымдарда, қосымша, техникалық кәсіптік, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоса алғанда, бір немесе бірнеше білім беру ұйымдарында қоса атқаратын (ішкі немесе сыртқы) жұмыс істейтін және сол пән және (немесе) ұқсас бейін бойынша сабақ беретін жағдайда, педагогтің бар біліктілік санаты қоса атқаратын жұмыста да қолданылады.

Сонымен қатар, 2021 жылда білім саласындағы бірқатар құқықтық актілер қабылданып және өзгергенге байланысты, оның ішінде аттестаттау Ережесіне қатысты, дер кезінде ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп көптеген кәсіподақ мүшелерінің құқықтары сақталды.

•Мұғалімдер (педагогтар) келесі білім беру ұйымдары арасында ауысқан кезде: бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, мектепке дейінгі (мектепалды) тәрбие мен оқыту, арнайы, мамандандырылған, қосымша білім беру кезінде оқытылатын пәннің бейіні (лауазымы) сәйкес келген жағдайда мұғалімдердің (педагогтердің) бар біліктілік санаттары жаңа лауазымында теңестіріледі және (немесе) сақталады.

•Педагогтер (сурдопедагог, олигофренопедагог, тифлопедагог, дефектолог, логопед) біліктілік санаттарын алу кезінде барлық көрсетілген лауазымдар бойынша бірдей тест тапсыруын ескере отырып, көрсетілген лауазымдар арасында ауыстыру болған кезде бар біліктіліктері сақталады.

•Педагогтарды аттестаттау Қағидаларынан алынып тастаған біліктілік санаты педагогтердің өтініші негізінде, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімгеұзартылады деген норма Ұжымдық шартта сақталды.

•Педагогтарды аттестаттау Қағидаларының 12.11.2021 - 30.12.2022 ж.ж. аралығындағы кезеңде 2 жылға қысқартылған келесі норманы Ұжымдық шартта өзгеріссіз қалуға қол жеткізілді:

- Жасына байланысты зейнеткерлікке дейін төрт жылдан аспайтын мерзім қалған педагогтерге біліктілік санатының қолданылу мерзімі, кезекті біліктілік санатын беруден (растаудан) босату туралы өтініші негізінде (еркін нысанда),

бар біліктілік санаттары зейнеткерлік жасқа толғанға дейін, санатты беру туралы куәлікте көрсетілген мерзімді ескере отырып (1 қыркүйек немесе 1 қаңтар) сақталады. Біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы бұйрықты білім беру ұйымының басшысы шығарады.

•Сондай-ақ, 2022 жылғы наурыз айындағы өзгерістерге сай Өтпелі кезеңде «екінші», «бірінші», «жоғары» санаттары бар педагогтерді аттестаттау кезінде, егер педагогте мәлімделген санатқа балл саны жеткіліксіз болса, біліктілік санаты оның мерзімі өткенге дейін сақталады, одан әрі біліктілік санаты бір деңгейге төмен төмендетіледі және келесі аттестаттау кезеңіне дейін қолданылады. Келесі аттестаттау кезеңінде педагог №338 бұйрыққа сәйкес біліктілік талаптарына сай біліктілік санатына аттестаттаудан өтеді, сондай-ақ, ҰБТ-дан өткеннен кейін бастапқы өтініш берілген біліктілік санаты бойынша тапсыруға құқығы бар. Егер педагог келесі аттестаттау кезеңінде мәлімделген санатқа жеткілікті балл жинамаса, онда біліктілік санаты «педагог» санатына дейін төмендетіледі.

Осы норманы енгізгеннің нәтижесінде ұзақ жылдар бойы қызмет еткен жоғары біліктілік санаттары бар педагогтардың біліктілік санаттары бір деңгейге төмендетіліп, 1 жылға сақталған және 2023 жылдың аттестаттау барысында 30 жылдан астам педагогикалық өтілінің болуына және бір деңгейге төмендетіліп, бірінші біліктілік санаттарының болуына байланысты педагог-модератор біліктілік санаттары ауысып, аттестаттаудан өткен кәсіподақ мүшелері-педагогтар аз емес.

•ҚР Еңбек кодексінің 69 бабы 3 тармағына сәйкес бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар жұмыскерлерге аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді. Олардың еңбек ақылары, қолданыстағы ҚР заңнамалары және осы Келісіммен белгіленген қосымша ақылар мен үстемеақыларды ескере отырып, қалыпты ұзақтығы үшін төленетіндей, толық көлемде сақталады.

•2022 жылы облыс аумағындағы қызметтік бөлмелерді тазалаушыларға негізгі 30 күндік еңбек демалысы мен емделу жәрдемақысын беруге қол жеткізілді.

Еңбек және салалық заңнамалардың орындалуы мен сақталауына қоғамдық бақылау жүргізу аясында:

- 2020 жылы – 165 тексеру жасалып, 477 заң бұзушылық анықталды, оның 47-сі ұжымдық шарттың орындалуы бойынша;

- 2021 жылы – 336 тексеру жасалып, 1211 заң бұзушылық анықталды, оның 164-і ұжымдық шарттың орындалуы бойынша;

- 2022 жылы – 661 тексеру жасалып, 1974 заң бұзушылық анықталды, оның 213-і ұжымдық шарттың орындалуы бойынша.

Сонымен бірге, кәсіподақ пен білім басқармасының, аудан/қалалық білім бөлімдерінің мамандары бірлесіп еңбек қатынастары, педагогикалық этика және т.с.с. мәселелер бойынша жоспардан тыс тексерулерде жүргізіп отырады.

Сала өкілдері – кәсіподақ мүшелерін құқықтық қорғау, ұжымшарттық қызметті пәрменді жүзеге асыру нәтижесінде қол жеткізілген экономикалық тиімділік көрсеткіші облыс бойынша:

2020 жылы – 529.0 млн.тг; 2021 жылы – 233.0 млн.тг; 2022 жылы – 345.0 млн.тг. мөлшерінде болды.

Барлық санаттағы жеке еңбек даулары, еңбек дауы тарапының өтініші бойынша білім беру ұйымында құрылған Келісу комиссиясында, сондай-ақ білім бөлімінің деңгейінде құрылған Келісу комиссияларында да қаралуда.

2021 жылдан бастап білім беру ұйымдарының Келісу комиссиясы мүшелерін оқыту Кәсіподақпен жүзеге асырылуда.

2022 жылғы мәлімет бойынша облыс аумағында 784 Келісу комиссиясы құрылған, оның ішінде білім беру ұйымдарында - 772 комиссия, аудандық/қалалық деңгейде – 11, облыстық деңгейде – 1.

Бүгінгі күнге дейін білім басқармасы(білім бөлімдері) мен жергілікті кәсіподақтың оның филиалдары арасындағы жасалған әлеуметтік әріптестік актілерінің (Келісім, ұжымдық шарт) заң тұрғысынан маңыздылығын дәлелдеу қажеттігі үнемі алдымызда тұрады.

Білімберу ұйымдарын мемлекеттік бақылау органдарынан тексерулер барысында 2020 жылдан бастап, Ұжымдық шарт кейбір талаптары заңға қайшы немесе кәсіподақ мүшелерінің құқықтары толық қорғалмаған деген ұсыныстар жиі орын алуда.

Олардың бірі қызметкерлерге жақын туыстарының (ата-анасы, баласы, қызы, бауырлары, жұбайы, зайыбы, атасы, енесі) қазасына байланысты, олардың жазбаша өтініштері бойынша сәйкес құжаттар негізінде **үш күнге дейін ақылы демалыс беріледі.**

ҚР ЕК 97 бабы 3 тармағы 3) тармақшасына сәйкес Жұмыс беруші жақын туыстары қайтыс болғанда жұмыскердің хабарламасы негізінде күнтізбелік 5 күнге дейін жалақы сақталмайтын демалыс беруге міндетті.

Алайда, бұл кәсіподақ мүшелерін қандай да бір шектеу болып табылмайды, ҚР ЕК талаптарына сай жалақы сақталмайтын демалыс бес күнге дейін берілсе, Ұжымдық шарт бойынша оның 3 күні ақылы болады.

2023 жылы Мойынқұм ауданында Аудандық прокуратура тексеру нәтижесімен 2022 жылдан бастап енгізілген «қызметтік бөлмелерді тазалаушыларға сауықтыруға жәрдемақысын беру заң талаптарына қайшы»- деген ұсыныс берілген.

Нәтижесінде облыс аумағында білім беру ұйымдарында қызметтік бөлмелерді тазалаушыларға сауықтыруға арналған жәрдемақы төлемін жүргізбеу туралы теріс пікірлер мен үгіттеу жұмыстары орын алды.

Әлеуметтік әріптестіктің тиімді жұмысы нәтижесінде облыс аумағында аталған мәселе оң шешімін тапты.

**Жамбыл облысы оқу-ағарту,
ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің
жергілікті кәсіподағының төрағасы**

Е.Мағзымбеков